

«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры



Ғ. ТҰРСЫНОВ

2024 жылғы «02» 05

**Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында
Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» атты
республикалық жас ақындар айтысын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» атты (бұдан әрі – Айтыс) республикалық жас ақындар айтысының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау тәртібін белгілейді.

2. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысының ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) мен «Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жас дарын» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы болып табылады.

3. Айтыстың мақсаттары мен міндеттері:

- оқушылар арасында Жамбыл Жабаевтың шығармаларын насихаттау;
- оқушылардың суырып салмалық қабілеттерін, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
- оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, ауыз әдебиетінің ролін, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету;
- айтыскер жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру.
- осы байқауға сәйкес жыр-терме айту үрдісін жаңғырту.

II. Айтысты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1. Айтыс екі номинация бойынша өтеді:

Тақырыптық айтыс. Бұл жерде оқушылар Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын, жалпы елдегі хал-ахуалы туралы жырлау керек, бір біріне мәнді де мағыналы жауап қайтара білу керек.

Қайым айтыс. Қайым айтыстың негізгі шарты — айтысты бастаған қарсыластың айтқан өлеңінің ұйқасын бұзбай, алғашқы екі жолын мағыналық тұрғыда ғана сәл өзгертіп немесе сол қалпында сақтап соңғы екі жолында жауап қайтару. Қайым айтыс — нағыз суырып салмалықты, шапшаңдық пен тапқырлықты басты талап қылып, жедел ой қорытып, салмақты жауап қайтаруды қажет ететін айтыстың ең қызық түрі болып табылады.

2. Айтыс 3 кезеңде өтеді:

1 кезең — аудандық (қалалық) білім басқармаларымен өткізіледі;

2 кезең — облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларымен, республикалық білім беру ұйымдарымен, «Назарбаев Зияткерлік мектептерімен» ДББҰ өткізіледі;

3 кезең — қорытынды, республикалық.

III. Айтыс қатысушылары мен оларға қойылатын талаптар

1. Айтыс қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 7-11(12) сынып оқушылары болып табылады. Республикалық қорытынды кезеңіне облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатыса алады. Әр командада 2 оқушы (әр номинацияға — 1 оқушы) және 1 жетекші болуы тиіс.

2. Айтысқа қатысатын оқушылар поэзияны сүйетін, оны тақырыбына сай талдай білетін, “өлең — сөздің патшасы” екендігін жанымен түсіне білетін, өз ойын жан-жақты жеткізе алатын суырып салмалық қабілеті бар болуы шарт.

3. Айтысқа қатысушылар жыр-дүлділі — Жамбыл Жабаев туралы 2 шумақтан 5 шумаққа дейін өзі шығарған өлеңді сұраныс пен қоса ұйымдастыру комитетіне ұсыну қажет.

4. Айтысқа қатысушы үміткерлер ел-жер тарихы, қоғам қайраткерлері, тіл мәселесі, ауыл проблемасы, оқу мен тәрбие жайы, жастар болашағы, қоғамдағы қазіргі жағдайлар туралы, сондай-ақ, Жамбыл Жабаевтың шығармашылығынан және оның айналасындағы ақын-жыраулар поэзиясынан хабардар болып, қарсыласына қолма-қол жауап бере алатындай болуы шарт. Әр жұптың айтысы 20 минуттан аспауы керек.

5. Айтыс Жамбылдың туған жерінде өтетіндіктен Республикалық кезеңге Алматы облысынан 6 немесе 8 оқушының қатысуға құқығы бар.

6. Айтыстың қорытынды кезеңіне тіркелу және қатысу жөнінде сұраныс хатты облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Республикалық білім беру ұйымдары ұйымдастыру комитетіне айтыстың өткізілуіне 10 күн қалғанға дейін жіберу қажет.

7. Қатысушының аты-жөні, ауданы (қаласы), мектебі, сыныбы, жетекшісінің аты-жөні, телефоны туралы толық мәліметі бар сұранысты «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығына info@daryn.rz электронды поштасына жіберулері керек. Байланыс телефондары: +7 (7172) 79-58-73; +7 747 338 86 16.

8. Ескерту: Былтырғы «Жыр алыбы - Жамбыл» айтысының жеңімпазы биылғы байқауға қатыса алмайды.

9. Республикалық кезең өтетін айтыстың мекен-жайы:

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Сүйінбай көшесі-27, Мәдениет үйі.

Айтысқа қатысатындар Ұзынағаш ауылындағы Рысқұлов атындағы орта мектеп жанындағы мектеп-интернатқа орналасады.

Ескерту: Айтысқа қатысатын ақындарда дәрігерлік анықтама (эпидокружение және қызылшаға қарсы анықтама) болуы міндетті.

IV. Ұйымдастыру комитеті

1. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған **«Жыр алыбы-Жамбыл»** атты республикалық жас ақындардың айтысын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- Республикалық жас ақындар айтысын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;
- Тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;
- Республикалық жас ақындар айтысының қорытындысына талдау жасайды және жинақтап қорытады;
- Республикалық жас ақындар айтысының қорытындысы туралы баспасөзге жариялайды;

V. Қазылар алқасы

1 Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өтетін Жамбыл Жабаевқа арналған **«Жыр алыбы-Жамбыл»** атты республикалық жас ақындардың айтысын қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және 5 алқа мүшелерінен тұрады.

2. Қазылар алқасы:

- айтыскердің өлеңді ұйқастыру қабілетіне; суырып салмалық қасиетіне; тақырыптан ауытқымай айтысуына; сахнада өзін- өзі ұстау шеберлігіне, киім киісіне талдау жасайды. Сонымен қатар, қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді; жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі. Әр айтыскерді **10 балдық** жүйемен бағалайды.

3. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша «Дарын» РҒПО-ның басшысы бекітеді.

VI. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

1. Республикалық оқушылар айтысының жүлдегерлері қазылар алқасының шешімі бойынша ҚР Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, «Дарын» РҒПО-ның грамоталарымен марапатталады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған ұстаздардың есімдері оқушылардың дипломдарына қоса жазылып беріледі. Әр номинация бойынша **7 жүлделі орын** белгіленеді: **Бір** – бас жүлде, **бір** - I орын, **екі** – II орын, **үш** – III орын және **төрт арнайы жүлдемен** марапатталады. Барлық қатысушыларға айтысқа қатысқаны үшін «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары беріледі.

VI. Қаржыландыру

1. Айтысқа қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындарын, жіберіп отырған мекеме төлейді.

2. Айтысқа қатысатын оқушылардың жатын орны мен тамағын Алматы облысының білім басқармасы көтереді. Жетекшілердің жатын орны мен тамағы жіберуші жақ есебінен төленеді.

3. Айтысқа қатысушыларды марапаттауға және жүлделері мен кеңсе заттарын сатып алуға, залды безендіруге байланысты шығындарды Алматы облысының білім басқармасы көтереді.